

AMINOTRANSFERASE AND NITROGEN RARE OF BLOOD SEMIFINE DEGERESSKOY SHEEP BREEDS

The paper presents the study of materials on aminotransferase activity and levels of nitrogenous substances in the blood intrabreed type degeresskih semi-coarse wool sheep. Sheep with high biological potential svorystven high enzyme levels in the blood.

Key words: aminotransferase, nitrogenous substances, blood enzymes.

ӘОЖ 637.623: 636.3

Жұмағалиева Г.М., Шыныбаев Д.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

ЖАС ҚОШҚАРЛАРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ САЛМАҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ұрпағының сапасы бойынша тексеруе арналған екі топтағы жас қошқарлардың салмақ көрсеткіштері келтірілген, сонымен қатар еркек және ұрғашы қозылардың туылған, 4,5 ай және 7 ай мезгілдерінде салмақтары зерттелінді. Ұрпақтарының салмақтарының көрсеткіштері бойынша №209620, 200279, 219683, 215329, 220919 қошқарлар - жақсартушы, № 200297, 215310 қошқарлар - бейтарап, ал № 203383, 215571, 215531 қошқарлар - нашарлатушы болып анықталды.

Кілт сөздер: еркек қозылар, ұрғашы қозылар, қошқарлар, тірі салмақ, өнімділік.

Кіріспе

Қойлардың тірі салмағының шаруашылық және биологиялық маңызы үлкен. Ірі малдар дене бітімдері мықты, төзімді және өнімділіктері жоғары болады. Малдың өсіп- даму барысында тірі салмақтары сыртқы жағдайға, күтіп бағуына байланысты өзгеріп отырады, әсіресе қошқарлар бұл көрсеткіштерін ұрпақтарында жалғастырады.

Қозылардың туылған кезіндегі тірі салмақтары олардың постэмбриональдық кезеңінде өсіп-дамуына әсер етуші негізгі фактор болып табылады, сонымен қатар бұл көрсеткіш сыртқы жағдайлар мен тығыз байланысты [1,2].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары нысанасы ретінде оңтүстік қазақ меринос қой тұқымы төлдері пайдаланылды. Зерттеу барысында зоотехнияда қолданылатын жалпы әдістемелер пайдаланылды. Тәжірибедегі қозылар туылған кезінде таразымен өлшенді.

Зерттеу нәтижелері

Биязы жүнді қойларын өсіруде олардың өсіп-жетілуі өте маңызды. Ерте жетілудің негізгі көрсеткіштері туылғаннан, 4,5 ай, 12 ай, 18 айлығындағы тірі салмақтары.

Кесте 1- Ұрпағының сапасы бойынша тексеруге арналған қошқарлардың өнім көрсеткіштері (2013 жылы қашырым науқанына пайдаланылды)

Топ №	Жеке нөмірі	Тірі салмағы, кг			Шәуіт көлемі, см ³	Шәуіт сапасын бағалау
		Туған мезгілінде	7 ай	18 ай	18 ай	18 ай
1	209620	4,3	40,7	59,7	1,2	Г-9

2	200279	4,3	41,0	59,3	1,2	Г-10
3	200297	4,4	41,1	59,8	1,4	Г-9
4	203383	4,1	41,6	61,5	1,3	Г-9
5	219683	4,5	42,4	60,7	1,3	Г-10
	M± m	4,3±0,07	41,4±0,30	60,2±0,40	-	-
6	214571	4,3	41,7	59,8	1,5	Г-9
7	215310	4,0	40,8	60,1	1,4	Г-10
8	215329	4,2	41,0	60,8	1,4	Г-10
9	215531	4,5	41,2	61	1,5	Г-9
10	220919	4,1	42,3	61,5	1,3	Г-10
	M± m	4,2±0,09	41,4±0,27	60,6±0,31	-	-

Жоғарыда 1 кестеде ұрпағының сапасы бойынша тексеруге арналған қошқарлардың салмақтары мен шәуіт көлемі және оның сапасы келтірілген. Тірі салмақтары бойынша туылғанда, 7 ай және 18 ай мезгіліндерінде екі топтағы қошқарлардың салмақтары біріңғай болды. №209620, 200279, 200297, 203383, 219683 қошқарлар 2012 жылы 7 айлық мезгілінде қашырым науқанында пайдаланылды, оның нәтижесі бойынша №209620, 200279, 219683 қошқарлар - жақсартушы, № 200297 қошқар - бейтарап, ал № 203383 қошқар - нашарлатушы болып анықталды.

Сонымен қатар 2013 жылы жоғарыда аталған 5 қошқар екінші рет және №214571, 215310, 215329, 215531, 220919 қошқарлар қашырым науқанына 18 айлық мезгілінде пайдаланылды.

Тәжірибе топтағы қозылардың тірі салмағының туылғаннан 7 айға дейінгі динамикасы 2,3-кестелерде келтірілген, бірінші топтағы қошқарлардың ұрғашы ұрпақтарының туылған мезгіліндегі салмағы 36,6±0,13, 4,5 ай мезгілінде 31,4±0,78, 7 ай мезгілінде 38,0±0,59, ал екінші топтағы қошқарлардың ұрғашы ұрпақтарының салмақтары тиісінше 3,6±0,09; 30,8±0,47; 37,2±0,62 болды, бұл көрсеткіштер бойынша ұрғашы ұрпағының сапасы бойынша тексеруге арналған қошқарлардың ұрпақтарының салмақтары біріңғай екенін білдіреді. Туылған мезгілінде №209620; 200279; 219683; 215329; 220919 қошқарлардың ұрпақтарының ұрғашы қозыларының салмақтары орта көрсеткіштен 2,7-11,1% артық болды, 4,5 ай мезгілінде жоғарыда аталған қошқарлардың ұрпақтары 0,8-5,4% артық болды, сонымен қатар 7 айлық мезгілінде осы қошқарлардың ұрпақтарының салмақтары орта көрсеткіштен 1,3-3,1% артық болды, сондықтан бұл қошқарларды салмағы бойынша жақсартушы деп белгілеуге болады.

Кесте 2- Ұрғашы қозылардың тірі салмақтары

То п №	Жеке нөмері	Ұрғашы қозылардың тірі салмағы, кг					
		n	Туған мезгілінде M± m	n	4,5 ай M± m	n	7 ай M± m
1	209620	30	3,8±0,07	30	32,5±0,45	29	39,0±0,53
2	200279	30	3,7±0,06	30	33,1±0,46	29	39,2±0,38
3	200297	30	3,4±0,07	30	30,4±0,30	29	37,0±0,50
4	203383	30	3,3±0,07	30	28,8±0,27	29	36,2±0,50
5	219683	30	4,0±0,07	30	32,0±0,28	29	38,5±0,34
	Орташа		3,6±0,13		31,4±0,78		38,0±0,59
6	214571	30	3,4±0,08	30	29,3±0,40	29	35,5±0,54
7	215310	30	3,6±0,08	30	30,8±0,69	29	37,0±0,49
8	215329	30	3,9±0,07	30	32,0±0,38	29	38,5±0,53
9	215531	30	3,5±0,06	30	30,5±0,39	29	36,2±0,43

10	220919	30	3,8±0,06	30	31,6±0,37	29	38,6±0,51
	Орташа		3,6±0,09		30,8±0,47		37,2±0,62
	Барлығының орташасы		3,6±0,13		31,4±0,78		38,0±0,59

№215310 қошқардың ұрғашы ұрпақтарының салмақтары туған мезгілінде салмақтың орта көрсеткіштерімен бірдей болды, 4,5 және 7 ай мезгілдерінде бұл қошқардың ұрпақтарының салмақтары орта көрсеткіштен 1,9-2,7 % кем болды, сондықтан бұл қошқарды бейтарап деп белгілеуге болады. Ал, № 200297; 203383; 214571; 215531 ұрпақтарының салмақтары туылған мезгілінде орта көрсеткіштен 2,8-9,0 %-ға дейін төмен болды, 4,5 және 7 ай мезгілінде жоғарыда аталған қошқарлардың ұрпақтарының салмақтары 2,9-9,0% және 2,7-7,0% төмен болды. Сондықтан бұл қошқарларды ұрғашы қозыларының салмақтары бойынша - нашарлатушы деп белгілеуге болады.


Кесте 3- Еркек қозылардың тірі салмақтары

Топ №	Жеке нөмері	Еркек қозылардың тірі салмағы, кг					
		n	Туған мезгілінде M± m	n	4,5 ай M± m	n	7 ай M± m
1	209620	30	4,6±0,09	30	35,0±0,45	29	39,7±0,48
2	200279	30	4,7±0,06	30	34,1±0,38	29	39,2±0,42
3	200297	30	4,2±0,11	30	32,0±0,47	29	38,0±0,43
4	203383	30	4,1±0,08	30	30,5±0,30	29	37,0±0,58
5	219683	30	4,5±0,10	30	35,5±0,56	29	40,0±0,40
	орташа		4,4±0,12		33,4±0,94		38,8±0,56
6	214571	30	4,0±0,13	30	31,0±0,36	29	37,5±0,58
7	215310	30	4,2±0,12	30	32,5±0,40	29	38,3±0,53
8	215329	30	4,5±0,12	30	34,0±0,45	29	39,1±0,82
9	215531	30	4,4±0,15	30	31,5±0,51	29	37,9±0,54
10	220919	30	4,6±0,12	30	35,0±0,45	29	39,0±0,52
	орташа		4,3±0,11		32,8±0,75		38,4±0,31
	Барлығының орташасы		4,4±0,12		33,4±0,94		38,8±0,56

Біздің зерттеулердің нәтижесі бойынша бірінші топтағы қошқарлардың еркек ұрпақтарының туылған мезгіліндегі салмағы 4,4±0,12, 4,5 ай мезгілінде 33,4±0,94, 7 ай мезгілінде 38,8±0,56, ал екінші топтағы қошқарлардың еркек ұрпақтарының салмақтары тиісінше 34,3±0,11; 32,8±0,75; 38,4±0,31 болды, бұл көрсеткіштер бойынша еркек қозылар салмағы бойынша тексеруге арналған қошқарлардың ұрпақтарының салмақтары бірінғай екенін білдіреді. Еркек қозылардың салмақтары бойынша туылған мезгілінде №209620; 200279; 219683; 215329; 220919 қошқарлардың ұрпақтарының салмақтары орта көрсеткіштен 2,3-6,8%-ға дейін жоғары, ал 4,5және 7 ай мезгілдерінде жоғарыда аталған қошқарлардың ұрпақтарының салмақтары орта көрсеткіштен 2,0-6,3% және 1,6-4,2 % жоғары болды, соның нәтижесінде бұл қошқарлар жақсартушы деп белгіленеді, сонымен қатар №200297, 215310 қошқардың ұрпақтары туылған, 4,5 және 7 ай мезгілдерінде орта көрсеткіштерден 0,3-4,8% төмен болды, сондықтан бұл қошқарды бейтарап деп белгілеуге болады, №203383; 214571; 215531 қошқарлардың ұрпақтарының салмақтары туылған мезгілінде, 4,5 және 7 ай мезгілдерінде орта көрсеткіштерден 1,3-9,5% төмен болды, соның нәтижесінде бұл қошқарлар нашарлатушы деп белгіленеді.

Көптеген зерттеушілердің қағидалары бойынша малдардың өсуі интенсивтігі бірқалыпты болмайды, өсуі тікелей оның жасына, жынысына және күтіп-бағуына байланысты, неғұрлым мал жас болса соғұрлым интенсивті өседі, жасы ұлғайған сайын өсу

жылдамдығы төмендейді, сондықтан малдардың әр мезгілдегі тірі салмағы, олардың өсу жылдамдығын сипаттайды [3,4].



1-сурет. Қозылардың салмақтарының салыстырмалы өсуінің сызбасы

Біздің зерттеулер бойынша ұрпағының сапасы бойынша тексерілген қошқарлардың ұрғашы қозыларының туылғаннан 4,5 айға дейін салыстырмалы өсуі 872% болса, еркек қозылардың осы көрсеткіші 759 %, яғни ұрғашы қозылар еркек қозылардан 113 % салыстырмалы өсуі жоғары болды, сондай-ақ 4,5 айдан 7 айға дейін, салыстырмалы өсуі ұрғашы қозылардың 5% жоғары болды, сонымен қатар еркек қозылар мен ұрғашы қозылардың туылған мезгіліндегі салмақтарына келсек еркек қозылардың салмақтары 22,2%, 4,5 ай мезгілінде 6,4 %, ал 7 ай мезгілінде 1,1 % жоғары болды, мұның нәтижесінде туылған мезгілінде ұрғашы қозылардың салмақтары төмен болғанмен 7 айлық мезгіліне дейін өсуі жылдам болғандығын байқаймыз.

Қорытынды

Ұрпақтарының сапасы бойынша қошқарлардың нәсілдік қасиетін тексеру зерттеулердің нәтижесінде №209620; 200279; 219683; 215329; 220919 қошқарлар жақсартушы деп белгіленеді, №200297, 215310 қошқар бейтарап, ал №203383; 214571; 215531 нашарлатушы болып белгіленеді. Зерттеулер нәтижесінде бейтарап және нашарлатушы қошқарларды табыннан жарамсызға шығару қажет.

Әдебиеттер

1. *Иванов М.Ф.* Рост и развитие // Полное собрание сочинений. – Т 4. –Москва: «Колос», 1964. –С. 52. -779 с.
2. *Смагулов Ш.Б., Тулешов М.Т.* Зимнее ягнение овец. Алматы: «Кайнар», 1989 34-36 с.
3. *Саниязова А.Ж.* Живая масса каракульских и курдючных ягнят при разных сроках отбивки. Алматы: Вестник сельскрхозяйсенной науки Казахстана, №9-2012
4. *Dun R.B.* An interaction between strain of Merino ewe and season of joining // Proc. Aust. Soc. Anim. Prod., 6. 66-68, 1966.

Жумагалиева Г.М., Шыныбаев Д.С.

ПОКАЗАТЕЛИ ЖИВОЙ МАССЫ ПОТОМСТВА МОЛОДЫХ БАРАНЧИКОВ

В статье приводятся данные о живой массе молодых баранчиков предназначенных для проверки по качеству потомства. Кроме этого были изучены живая масса ярочков и баранчиков при рождении, 4,5 и 7 месячных возрастах. По показателям динамики живой массы в группу улучшателей были определены бараны №209620, 200279, 219683, 215329, 220919; нейтральных №200297, 215310; и в группу ухудшателей №203383, 215571, 215531. По результатам исследований нейтральных и баранов ухудшателей необходимо выбраковать из стадо.

Ключевые слова: ярки, баранчики, бараны, живая масса, продуктивность.

Zhumagaliyeva G.M., Shynybayev D.S.

INDICATORS LIVE WEIGHT OFFSPRING OF YOUNG RAMS

The article presents data on the live weight of young rams are designed to test the quality of offspring. In addition, body weight were studied yarochock and rams at birth, 4.5 and 7 months of age. In terms of the dynamics of body weight per group improvers were determined sheep №209620, 200279, 219683, 215329, 220919; neutral №200297, 215,310; and a group uhudshateley №203383, 215571, 215531. According to the research of neutral and sheep uhudshateley must be culled from the herd.

Keywords: bright, rams, sheep, live weight, productivity.

ӘОК 619.614.31.637.636

Жұмагелдиев А.Ә., Өтебаева Г., Есімова Б.Д., Ерғұмарова М.О., Базарбаев Р.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ПЕН ОҢТҮСТІК ҚОЙЛАРЫ ЕТІНІҢ САПАСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Мақалада мемлекетіміздің өнеркәсібі мен өндірісі дамыған Шығысы және Оңтүстік Шығысы мен Оңтүстігінде өсірілетін қой етінің химиялық құрамы мен май қышқылдары және ауыр металл тұздарының мөлшері салыстырмалы түрде көрсетілген.

Кілт сөздер: қой еті, еттің химиялық құрамы, ауыр металл тұздары, май қышқылдары.

Кіріспе

Елбасы Үкіметке мал шаруашылығының басқа салаларын, оның ішінде қой шаруашылығын, сондай-ақ жем-азық өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етуді айрықша тапсырды. Нәтижесінде, қой шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды.[1,2] Онда 18 млн қой санын 28 миллионға жеткізу көзделген. Бүгінгі таңда жүргізілген шаралар аз емес, дегенмен қой өсірудің маңыздылығы күн санап артып келеді. Сонымен қатар, қой етіне сұраныс жоғарылауда. Қой етінің тағамдық құндылығы, қуаттылығы, қауіпсіздігі, яғни сапасына деген талап та жоғары. Ол дегеніміз, халықты балауса, жоғары сапалы қой етімен қамтамасыз ету болып табылады. Республикамыздағы өндірісі мен өнеркәсібі дамыған Шығыс және Оңтүстік Шығыс өңірлеріндегі қой етінің сапасына ауыр металл тұздарының әсерін зерттеу үшін, аталған өңірлердегі шаруашылықтардан алынған қой етінің химиялық құрамын, ауыр металл тұздарын және май қышқылдарының түрлері мен мөлшерін салыстырыла отырып тексерілді. Сонымен қатар, қой етіне радионуклидтердің сыртқы ортадағы тағамдық тізбектегі миграциясын және әр түрлі иондаушы сәулелердің және ауыр металл тұздарының жануарлар организміне әсері зерттелді. [3,4 б]